

**"Жаңа редакциядағы "Теміртау қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ ережесін бекіту туралы" Теміртау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 1 сәуірдегі № 13/51 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 17/26 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 38-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 7-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Теміртау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жаңа редакциядағы "Теміртау қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ ережесін бекіту туралы" Теміртау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 1 сәуірдегі № 13/51 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1) аталған қаулымен бекітілген "Теміртау қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде, 3-тарау "Тұрғын үй инспекциясының міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері" мынадай мазмұндағы 22 және 23-тармақтармен толықтырылсын:

"22. Ортақ пайдалану орындарын ластау фактісі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау;

23. Аумақтарды абаттандыру қағидаларын бұзу фактісі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау."

2. "Теміртау қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) әділет органдарында бөлім Ережесіне енгізілген толықтыруларды мемлекеттік тіркеу;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің тиісті салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғышқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Теміртау қаласының әкімі*

*Ғ. Әшімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК